

Астана қаласы әкімдігінің
«Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Мектепішілік ата-аналар жиналысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ

мамыр 2023 жыл
Қатысушылар саны: 232

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың оқу үлгерімі туралы. Жауапты: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухтарбекова Б.С
2. 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың оқу жетістігі туралы. Жауапты: директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Култаева А.Ж;
3. 2022-2023 оқу жылының аяқталуы бойынша іс-шаралардың (соңғы қоңырау, Жұлдыздар шеруі, мектеп бітіру кеші, жазғы демалысты ұйымдастыру, қауіпсіздік) ұйымдастырылу форматы. Жауапты: директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бейсекова Т.Б;

Тыңдалды:

Мектеп директоры Омарова Нұржамал Тұрсынбайқызы сөз алып, ата-аналарды мектепішілік ата-аналар жиналысының өту барысымен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухтарбекова Бақытжан Советқызы ата-аналарды 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың оқу үлгерімі туралы баяндады. Өз баяндамасында оқушылардың тоқсан сайын оқу үлгерімінің нәтижесімен таныстырып, биылғы оқу жылында қашықтан білім алу оқушылардың білім сапасына әсер еткенін айтып өтті. Оқушылардың оқу үлгерімін үш жылғы оқу үлгерімімен, қорытынды аттестаттаудың ережесімен таныстырып өтті. 9,11 сыныптар үшін қандай пәндерден емтихан тапсыратынын айтып, қойылатын баға, балл көрсеткіштеріне тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың бейіндік оқыту орынбасары Култаева Айгерім Жарқынбекқызы ата-аналарды 2022-2023 оқу жылындағы оқу жетістігімен таныстырып өтті. Өз сөзінде биылғы оқу жылында оқушылардың ғылыми жоба, «Зерде» зерттеу жұмысы, олимпиада нәтижелеріне толық тоқталып, әрбір бірлестіктердің түрлі саладағы жетістіктеріне тоқталып, ата-аналарға өз алғысын білдірді. Биылғы жылы оқушылардың түрлі деңгейдегі білім бәсекесіне қатысып, жақсы жетістіктерге жетіп мектептің білім, өнер, спорт саласындағы беделінің артуына өзіндік үлестерін қосқанын жеткізді. 2022-23 оқу жылында Республикалық «Бастау» турнирі «БАС ЖҮЛДЕ», математика пәнінен 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінде командалық есеп бойынша Бас жүлде, ең үздік олимпиадалық команда 2023 қалалық кезеңінде ІІІ орын, математика пәнінен 3-4 сыныптарға арналған «Алтын сақа»

олимпиадасының облыстық кезеңінде командалық есеп бойынша II орын, 5-6 сынып оқушылары арасында қалалық Жиниор олимпиадасында Ең үздік мектеп бойынша I орын иеленгенін жеткізді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық, республикалық деңгейдегі ғылыми жобаларда Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиада жеңімпаздары және республикалық деңгей қатысушылары мен жеңімпаздарын хабарлады. Оқушылар мен ұстаздардың жетістігін жекелей айтып өтті: Бастауыш сыныптар бойынша II қалалық «Әдебиет әліппесі» оқулары, Бала абай 4 сыныптарға арналған пәндік олимпиадаларда Математика 1-орын, Жаратылыстану 1- орын, Дүниетану 2 орын иеленіп келді. 3-4 сынып оқушылары үшін «Алтын сақа» олимпиадасында оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болса, ал мектебіміз қалалық он үздік мектеп қатарына еніп жүлделі II орынға ие болды. Астана қаласы білім басқармасы мен Қазақстан Математика пәні мұғалімдер қауымдастығы, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығымен бірлесе отырып математика пәні мұғалімдерінің Астана қаласы III шығармашылық олимпиадасын өткізді. Олимпиадаға мектебіміздің 35 жасқа дейінгі математика пәні мұғалімдері қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Қалалыққа 3 оқушымыз қазіргі таңда аудандыққа қатыспай бірден қалалыққа барды. Әмірбек Бағдәулет, Абсаттарова Аружан, «Елорда Дарыны - 2022» жыл оқушысы атанды. Жалғаубаев Райымбек, Анияр Мұқаш, Аманбекова Сара, Саятбекқызы Жаннур, Ильясова Ардақ, Аймақ Нұрай, Аманкелді Жасмин, Асканбаева Бинур, Қадыр Ұлту. Бастауыш сынып оқушылары Киманова Айлана, Ербол Жайсан, Ондасынов Нурали, Түсіпбаев Нұржігіт, Сүлеймен Ибраһим, Тамерлан Нуралим оқушыларымыз қалалық және республикадан жүлделі орындарға ие болды. 2-7 сынып оқушыларына арасында өтетін «ЗЕРДЕ» бойынша 14 жұмыстан 13 жұмысы қалалық қорғауға өтіп, 19 оқушы қорғап жүлделі орындарға ие болды. Сөз соңында мектеп оқушыларына мамандық таңдауда неге мән беру керек екендігін тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бейсекова Толқын Батырбайқызы сөз алып, жиналысқа қатысушы ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие бағытында өткізілген ең негізгі деген іс-шараларға тоқталды. Атап айтар болсақ, патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Білім күні «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында салтанатты жиын, 2-11 сынып оқушыларына «Білімге ұмтылу: еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында сынып сағаттары, дебатов, бизнес-тренер, журналист, отбасы және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес хатшысы Бекарыстан Аманжоловпен сыр-сұхбат, 10-11 сынып оқушыларына Жалпы құқықтық білім беру сабағы, құқық қорғау органдарынан өкілдерінің дәріс сағаттары, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!» онкүндігі, «Өрт қауіпсіздік ережелері» тақырыбында дәріс сағаты өткізілгенін айтты. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша қалалық «Мерейлі отбасы» байқауына қала деңгейінде 151 отбасы қатысып,

мектебіміздің атынан қатысқан Жакыповтар отбасы «Мерейлі отбасы» байқауында үздік 10 отбасының қатарынан көрінді. Қалалық «Зияткер отбасы» байқауында Аниязовтар отбасы 1 орын иеленді. Отбасы күніне орай қыркүйек айында 4 сыныптар арасында «Толағай» отбасылық-спорттық сайысы және тағы да басқа бағыттар бойынша өткізілген негізгі іс-шараларды атап өтті. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Оқу жылының аяқталуына орай өтетін мерекелік кештердің өту реттілігін түсіндірді. Жазғы демалыс уақытында әр оқушының қолына берілетін нұсқаулық кітапшасымен таныстырды.

Шешімі:

1. 2022-2023 оқу жылында оқушылардың оқу үлгерімі жақсы деп танылсын;
2. Оқушылардың оқу жетістігін арттыру мақсатындағы жұмыстар мектеп – отбасы – оқушы тарапынан қолдау тауып, әрі қарай жалғасын;
3. 2022-2023 оқу жылының аяқталуы бойынша берілген хабарламалар сынып жетекші, ата-ана тарапынан назарға алынып, өткізілсін;
4. Жазғы мектеп жұмысы жоспар мен нұсқауға сай ұйымдастырылып, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тарапынан бақылансын.

Мектеп директоры



Н.Омарова

Хатшы:

Абилова А.О